«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5 ғимарат. тел./факс:8 (7292) 33-02-24.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5. тел./факс: 8 (7292) 33-02-24.

02-07/1414
19.04.2021

«Мельдеева А.А.» ЖК-не

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті (*бұдан әрі – Департамент*), Сіздің 05.04.2021 жылғы № 96777 санды арызынызды қарау барысында, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V санды Заңы (*бұдан әрі – Заң*) 22 – бабының 1 – тармағына сәйкес, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға жіберілуі мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде, конкурстық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады делінген.

Сонымен қатар, Заңының 47-бабы 1-тармағын сәйкес, егер тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасына осы Заңның 22-бабында айқындалған тәртіппен ескертулер берілмеген конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына, оның ішінде оларда көрсетілген біліктілік талаптарына жасаған шағымдары қаралуға жатпайды делінген.

Осыған орай, Департамент тарапынан № 5434870-1 санды мемлекеттік сатып алуына жүргізілген мониторинг бойынша, конкурстық құжатама жобасына ескертулер берілмегендіктен Сіздің өтінішіңіз қараусыз қалдырылады.

Егер, Сіз бұл шешімімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар» Заңының 47 бабы 6 тармағына және Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар» Заңының 47 бабы 9 тармағына сәйкес сотқа дейінгі даулырды реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **Н. Анесов**

Орын. Нурланов А.
Тел. 33-02-39

21.08.2017 ЭҚАБЖ МО (7.18.4 нұсқасы)